**Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N 1346 қаулысы

"2003 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 12 желтоқсандағы Заңына және "Қазақстан Республикасының Үкіметі резервінің қаражатын пайдаланудың тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 18 қыркүйектегі N 1408 қаулысына сәйкес сот шешімдерін орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне 2003 жылға арналған республикалық бюджетте Қазақстан Республикасы Үкіметінің, орталық мемлекеттік органдардың және олардың аумақтық бөлімшелерінің сот шешімдері бойынша міндеттемелерін өтеуге көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қосымшаға сәйкес сот шешімдерін орындау үшін 6480116 (алты миллион төрт жүз сексен мың бір жүз он алты) теңге бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бөлінген қаражатын мақсатты пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N 1346 қаулысына қосымша

**Орындалуы тиіс сот шешімдерінің тізбесі**

| Р/с N | Сот органының атауы мен сот шешімінің шыққан күні | Талапкердің атауы | Мемлекет. тік бажды шегерген. дегі сома (теңге) | Мемлекет. тік баж (теңге) |
| --- | --- | --- | --- | --- |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Ақмола гарнизоны әскери сотының 2002 жылғы 21 ақпандағы шешімі, Қазақстан Республикасы әскерлерінің әскери соты қадағалау алқасының 2002 жылғы 27 маусымдағы қаулысы, Ақмола гарнизоны әскери сотының 2003 жылғы 18 сәуірдегі ұйғарымы, Ақмола гарнизоны әскери сотының 2003 жылғы 5 қарашадағы ұйғарымы | "Ал-Пласт" ЖШС | 3 590 473 | 107 714 |
| 2 | Ақмола гарнизоны сотының 2002 жылғы 23 қаңтардағы шешімі, Астана қаласы соты қадағалау алқасының 2003 жылғы 27 ақпан. дағы қаулысы, Ақмола гарнизоны әскери сотының 2003 жылғы 5 қарашадағы ұйғарымы | "Фирма Алатау" ЖШС | 2 781 929 | |
| Жиыны | | | 6 372 402 | 107 714 |
| Жалпы сомасы | | | 6 480 116 | |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК